

Абай және Шәкәрім шығармаларын насихаттау, олардын шығармашылық қабілеттерін дамыту және қолдау қорсету мақсатында 2017 жылғы 11-13 қыркүйек күндері Семей қаласы, Абай ауданы «Абай және Шәкәрім» мемориалдық кесенесінде жалпы білім беру ұйымдарының 5-11 сынып оқушылары арасында XVIII республикалық Абай оқуларын өткізіледі.

XVIII республикалық Абай оқуларына Астана қаласы білім беру мекемелерінен байқаудың қалалық кезеңіндегі жеңімпаздар:

«Өлең-сөздің патшасы, сөз сарасы» номинациясы (Абай және Шәкәрім шығармаларын жатқа оқу конкурсы)
бойынша
бойынша №67 мектеп-гимназиясының 10-сынып оқушысы Бибіт Аружан;

«Көңілім әнді ұғады» номинациясы (Абай және Шәкәрімнің әндері мен күйлерін орындау конкурсы)
бойынша №51
мектеп-гимназиясының 9-сынып оқушысы Торебай Мәңгілік;

«Жүйріктен жүйрік олар жарысқанда» жас дарындар номинациясы бойынша №44
мектеп-гимназиясының 10-сынып оқушысы Ахметов Азамат;

«Ұлылар әлемі» Абай және Шәкәрім еңбектеріне эссе жазу конкурсына №50 мектеп лицейінің 9-сынып оқушысы Кенжина Самал қатысады.

Абай өлеңдерімен сусындаған, шығармаларының мағынасын терең бойлап ұғып-түсіне алатын талапты оқушыларымызға жеңіс тілейміз.